

**ДЕНСАУЛЫҚ САЛАСЫ  
ЕРТЕ ЖАС ТОП БАЛАЛАРЫНА  
АРНАЛГАН ҚИМЫЛДЫ ОЙЫН  
КАРТОТЕКАЛАРЫ**



## Картотека №1 Күн мен жаңбыр.

**Ойын шарты:** Балалардың алаңынан бір шетінен немесе бөлмеге қойылған орындықтардың артында тізерлел отырады да «терезеге» орындықтың арқасынан қарайды.

**Тәрбиеші:** «Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуга болады», - дейді. Балалар бүкіл алаңда жүгіріп жүр.

«Жаңбыр! Тез уйғе жүріңдер!» деген сигналды естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады.

**Тәрбиеші қайтадан:** «Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер», - дейді, ойын қайта басталады.



## **Картотека №2**

### **Допты қылп жет.**

**Ойын шарты:** Тәрбиеші балаларга доп салынған кәрзенқені көрсетеңді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа түруды ұсынады. Одан кейін кәрзенқеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзенқеге салады. Ойын қайталаңады.

**Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қылп жетіп, кәрзенқеге салады.**

**Керек құралдар:** Түрлі түсті доптар  
Педагог кімнің қандай доп әкелгенін жариялады:





## **Картотека №3**

### **Мазан қарай жүгіріңдер.**

**Ойын шарты: Балалар бөлменің бір қабыргасын бойлай қойылған орындықтарда немесе алаңды жағалай отырады. Тәрбиеші бөлменің қарсы бұрышына немесе алаңның ең алыс бұрышына барып:**

**«Мазан қарай жүгіріңдер», - дейді. Балалар оған қарсы жүгіреді. Тәрбиеші оларды қолын жайып қарсы алады. Балалардың бәрі келіп, тәрбиешінің қасына жиналып болғаннан кейін, ол серуендеуді ұсынады.**

**Балалар өздері жүргісі келген жерде емін-еркін тәрбиешімен бірге бөлме ішінде жүреді.**

**Тәрбиеші бұдан кейін: «Үйге қарай жүгіріңдер» - дейді. Балалар жүгіріп барып орындықтарына отырады.**




## Картотека №4 Ұшақтар

**Ойын шарты:**

*Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызып, тәрбиеши өзі ұшақ болып көрсетеді.*

*Тәрбиеши «Ұшақтар ұшады!» деген кезде барлық бала ұшақ болып ұшады. «Ұшақтар қона бастады!» дегендеге барлық бала өз орындарына келіп қона бастайды.*

*Тәрбиешінің бастауымен ойын жалгасады.*



## *Картотека №5*

### *Қояндар мен қасқыр*

**Мақсаты:** Балаларды алғырлықта, қырағылықта, татулықта тәрбиелеу. Еңтілік қасиеттерін арттыру. Денсаулықтарын шынықтыру.

**Шарты:** Бір бала қасқыр болады, ал қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығызып жатады, ал қасқыр өзінің аpanында жатады.

**Тәрбиеші:**

- Секеңдеңдер қояндар,  
Жүгіріңдер жортыңдар- деген кезде, қояндар үйлерінен шығып секеңдеп ойнайды. Осы кезде қасқыр аpanынан шығып қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қояндарды аpanына апарады.

Осылай 3-4 қоянды ұстазданнан кейін ойынды басқа бала жалгастырады.

Ойын 2-3 рет ойналады.



## Картотека №6

### Сүр қоян жуынады.

**Мақсаты:** Қымыл қозғалыс қабілеттерін арттыру, тілдерін дамыту, ептілікке тәрбиелу.

**Шарты:** Балалар шеңбер жасап тұрады.  
Қоян болған бала ортага шыгады.

**Балалар:** Қоян, қоян тұршы,  
Беті, қолды жуышы  
Айназа қараши  
Шашыңды тараши  
Енді бізді қуышы.

Қоян қымылмен көрсете отырып жасап, тұрады.  
Енді бізді қуышы дегенде, балаларды қуа жөнеледі.

Ойын 4-5 рет қайталанады.

## *Картотека №7*

### *Қайда жасырылғанын тап*

*Мақсаты: Балаларды қырғазылыққа, байқампаздыққа үйрету, бірлікке, татулыққа тәрбиелу*

*Шарты: Балалар бөлменің бұрышында тұрады.*

*Тәрбиеші жалауашаны тығатынын айтады.*

*Балалар теріс қарап көзін жұмады, тәрбиеші жалауашаны тығып қояды да «болды», деген де балалар жалауашаны іздейді.*

*Тапқан бала жалауашаны тығады.*

*Ойын 2-3 рет қайталанады.*



## Картотека №8

### Ұстап ал!

**Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауга, белгі бойынша қимыл-қозгалыс жасауда дәгдышландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүргіру дәгдышларын дамыту.

**Шарты:** Балалар алаңда тұрады. Тағайындан алынған ұстазыши-бала ортада тұрады. «1-2-3, ұстап ал!»- деген белгі бойынша, балалар ұстазыштан қаша жөнеледі, ұстазыш болса біреуін ұстап, қолын тигізеді. Кімді ұтайды, сол аланның шетіне барады.

**Ұсыныс:** ойынның басқа турлерін пайдалануға болады: «Күйт жетте, ұстап ал», «Ұстап ал, шеңберде» т.б.



## Картотека №9 Кім кетті?

*Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттырып, байқампаздықта тәрбиелеу.*

*Шарты: Балалар шеңберге немесе жарты шеңберге тұрады. Тәрбиеші балаларға қасындағы баланы дұрыс есте сақтау керектігін түсіндіреді, содан кейін сол баланың көзін байлан қояды.*

*Балалардың біреуі тығызып қалады.  
Тәрбиеші баладан кім жоқ екенін сұрайды.  
Егер бала тапса, сол баланың көзін жұмады.*

*Ойын 3-4 рет қайталанады.*

## *Картотека №10*

### *Ұшатын құстар*

*Мақсаты: Балаларды табигат құбылыстарын салыстыра білуге үйрету және қыражылықта тәрбиелеу, құстар сияқты ұша білу қабілеттерін бақылау, тәрбиешінің берген белгісін тијанақты тыңдай білуге үйрету.*

*Шарты: Алаңның бір жағында құстар ұшып жүреді. Тәрбиеші құстар ұшты дегенде, қанаттарын желпіл алаңда құстар ұшады.*

*Тәрбиеші дауыл соқты дегенде құстар ұшып барып қабыргадағы сатыларға шығып алады, ал тәрбиеші дауыл басылды дегенде сатыдан түседі де ұшуларын жалғастырады.*



## Картотека №11

### Аюдың апанаында

**Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауга, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозгалыс жасауға даярланудыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру даярларын дамыту.

**Шарты:** Бір жақта аюдың апаны болады. Екінші жақта балалар тұратын үй болады. Тәрбиеші аюды балалардың ішінен біреуін тағайындаиды. Тәрбиеші: «Балалар қыдырып келіңдер», - дегенде балалар үйлерінен шығып, саңырауқұлақ теріп, көбелек ұстап, орманда қыдырады /еңкейеді, түзеледі, басқа қозгалыс жасайды/.

**Олар дауыстап айтады:**

-Біз аюдың қасында, Жеміс- жиңілек тереміз,

**Аю үйкемдайды, Аю ырылдайды.**

«**Ырылдайды**», - деген сөзден кейін аю үйлеріне қашып бара жатқан балаларды ұстай бастайды. **Аюдың қолы тиген балалар аюдың апанаында қалады.** Бірнеше рет ұсталғаннан кейін аюдың рөліне басқа бала тағайындалады. Ойын 3-4 рет қайталанады.



## **Картотека №12**

### **Автобус**

**Мақсаты: Балалар қатарға бір-бірден тұрады. Тәрбиеші автобус жүргізуісі. Қалғандары жолаушылар.**

**Тәрбиеші дыбыс берген кезде автобус жылжы бастайды. Ең әуелі баяу кейін жылдам, жылдамырақ жүреді. Балалар жүрісті баяулатады.**

**Жүргізуі автобусты тоқтатады.  
Ойын тағы жалғасады.**



## Картотека №13

### Қоңырау қайdan естіледі?

**Мақсаты:** Балалар қабыргага беттерін беріп тұрады. Күтуші апай бөлменің басқа бір шетіне тығызып тұрады да қоңырау согады.

**Тәрбиеші балаларға:** «Тыңдаңдар, қоңырау қайdan созылып тұр, қоңырауды табыңдар», - дейді. Балалар қоңырауды тапқан кезде, тәрбиеші оларды мақтайды, одан кейін балаларға тағы да қабыргага беттерін беріп тұруды ұсынады.

Күтуші апай басқа жерге тығылады да қайтадан қоңырау согады.



## Картотека №14

### Жел көбік ойны

**Мақсаты:** Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады.

**Көпіре гөр көбік-шар,**  
**Көпіре гөр кеңіп шар.**  
**Осы күйі қал тұрып,**  
**Кете көрме жарылып.**

Өлеңді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі.

**Тәрбиеші:** «Жел көбік жарылды» деген кездे барлық, балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен.  
«Тарс етті», - дейді де тізерлеп отыра кетеді.

Тәрбиеші жаңа көбік үрлеуді ұсынады: балалар орындарынан тұрады, қайтадан дөңгелектеніп тұрады, ойын қайта басталады.



## Картотека №15

### Ұшты ұшты ойыны

**Мақсаты:** Ойын бастаушы айнала отырған ойыншиларды жаңылыстыру үшін тез тез ұштын және ұшпайтын заттарды араластыра айтып отырады.

Шарт бойынша, тек ұштын зат атап гана ойнаушылар қолдарын көтеру керек.

Ал егер кімде кім ұшпайтын зат атап қолын көтеріп қойса, айыбын тартып, не өлең айтып береді, не би билейді, не басқа бір өнер көрсетеді.

Ойын осылай жалғаса береді.